

Д.Т.АЙТБАЕВ

ӨЗБЕК-ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ
КОМПОНЕНТТЕРІНІҢ БАЙЛАНЫСЫ

В статье на примерах рассматривается взаимосвязь компонентов сложных предложений в узбекско-казахских языках.

Bu makalede, Özbek-Kazak dillerindeki birleşik cümle unsurları arası bağlantılar örneklerle ele alınmıştır.

Түркі тілдерінде құрмалас сөйлемдердің синтаксистік компоненттері әр түрлі грамматикалық көрсеткіштер арқылы байланысып келеді. Мұндағы көмекшілердің қолданылу ерекшеліктері, сондай-ақ құрмалас сөйлем жасаудағы орны мен қызметі ондағы компоненттердің мазмұны мен грамматикалық ерекшеліктерімен байланысты болады.

Өзбек тілінің құрмалас сөйлем синтаксисінен «эргаштирувчи боғловчилар» деп аталатын жалғаулықтар орын алған. Бұл жалғаулықтар қазақ тілінде сабақтас құрмаластағы жай сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыратын жалғаулықтардың деңгейімен теңдес келеді. Оларға: *шу сабабли, чунки, шунинг учун, ўшанинг учун, неға десангиз, шундан сўнг, -ки, шу туфайли, неғаки, гўё* және басқа жалғаулықтар жатады да, олар жай сөйлемдерді бір-бірімен байланыстырып өзбек тіліндегі «эргашган қушма гап» деп аталатын құрмалас сөйлемді құрайды. Бұл қазақ тілінде жалғаулықты сабақтас құрмалас сөйлем есептеледі. Жоғарыда атап өтілген жалғаулықтар («эргаштирувчи боғловчилар») қазақ тілінде: *сол себебі, себебі, сол үшін, соның үшін, неге десеңіз, содан соң, сондай сияқты, сол сияқты т.б.* сияқты себеп-салдар жалғаулықтарымен орайлас келеді. Қазақ тілінде өзбек тіліндегідей «*ки*» көрсеткішті көмекші (юклама) жоқ. Жалпы қазақ тілінде «юклама» деген термин қолданылмайды. «*ки*» жүктемесі қазақ тілінде «сондай» не «соншалық» деген шылауына тура келеді.

Мысалы: *Пахталаримиз шундай яшнаб кетганки, ҳавасингиз келади* (Ш.Рашидов) – *Мақталарымыздың жайнап кетгендігі сондай, әуесіңіз келеді* немесе *Мақталарымыздың жайнап кетгендігі соншалық, әуесіңіз келеді.*

Құрмалас сөйлем құрамындағы бағыныцқы сөйлемдер көсемшенің мынадай формалары арқылы байланысып келеді:

а) *-(и)б (-ып, -ип, и)* арқылы: *Изғириннинг шиддати ошиб, совуғи кучайди* (Гоголь).

Қазіргі қазақ тілінде бұл жұрнақ көсемшенің жұрнағы саналады да олар төмендегі орындарда қолданылады: *Әбіш Әубәкір мен Пәкізаттың бетінен кезек сүйіп жатып, Кәкітайға жалт қарап жіберді («Абай жолы»); Бір белден асып, екінші белдің өріне қарай тоқтамай жарысып келе жатты (М.Әуезов); Артына қорқақтай қарап, шала бұрылып, көз қиығын тастап көрді («Абай жолы»); Қоңыр жүзі қызарып, төмен қарап қысыла күле беріп, бөркін айналдыра бастады (М.Әуезов); Абай есіктен кіре, үйде отырған*

үлкендерге ашық дауыспен, айқын етіп сәлем берді (М.Әуезов); Сонымен бірге қазақ тілінде бұл қосымшаның **-ғалы, -гелі** варианты да кездеседі: - Осы жалғыз мола осынау елсіз жотаға пайда **болғалы**, міне, биыл жүз рет жадырап жаз, кірбең тартқан күз кешті (М.Әуезов).

ә) **-май** (**-ма+й, -ме+й, -па+й, -пе+й**) арқылы: Орадан күй вақт **үймай**, биз бу ердан чиқиб кетдик.

Ал қазақ тілінде жоғарыдағы варианттар қолданылады: *Айнала дүниені біраз уақыт аңғара **алмай**, есеңгіреп қалған жайы бар («Абай жолы»); Екі жылдан бері елге **қайтпай**, осы бүгін, енді ғана “туған аулына келеді” деп, ата-ана, аға-бауыр ерекше тосып отырған Әбіш («Абай жолы»); Күнүзын аттан да **түспей**, өзге жүргіншілерден оқ бойы алда отырған (М.Әуезов); Бұдан бұрынғы екі күндік жолда үлкендер жылдам **жүрмей**, баланың шыдамын әбден тауысқан-ды (М.Әуезов);*

б) **-ғач** (**-дық+таң, -дік+тен**) арқылы: Құл-оғимиз асорат ва шарият кишанидан озод **бұлғач**, биз ҳам ўзимизда зўр ирода борлигини сездик (Ойдин).

Ал қазақ тілінде сингармонизм заңдылығы негізінде бұл қосымшаның екі түрлі варианты қолданылады: *Шетінен жастар **болғандықтан**, бұлар соңғы кездерде өлең шығарудың әр алуан үлгілерін байқап көрісетін (М.Әуезов); Артынша ханның ғаскерімен **соғысқандықтан**, екі жақтан да көп адам өлгені туралы хабар келгенін жазған. (Б.Аманшин). Сондықтан да өздерін көзбе-көз **көрмегендіктен**, анығын білмей жазса керек. (Б.Аманшин). Ол мектептің ашылуы кейінге **қалғансын**, баласын сол Ходжаназарбай Байкісіевтің үйіне тастап кетеді. (Б.Аманшин.)*

в) **-ғунча** (**-ғанша, -генше, -қанша, -кенше**) арқылы:

*Ҳеч тўхтовсиз ёв устига юриш қил,
Томчи қонинг **қолғунча**, уруш қил (Уйғун).*

Қазақ тілінде бұл қосымшалар мынадай орындарда кездеседі: *Қатты жорғыш келе жатқан күйме **тоқтағанша**, өзі ерекше пашпаң жас әскери дағдысымен күймеден жеңіл ытқыш, қосаяқтыш секіріп те түсті («Абай жолы»); Содан жаңағы қауіпті деген Есембайға **жеткенше**, артына бірде-бір қараған жоқ (М.Әуезов).*

Құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сыңарлары есімше формалары арқылы байланысып келеді:

а) мекенді білдіретін септіктер формасымен (**-да, -дан, -ға**) бірге қолданылған есімше арқылы:

*Водийларни яёв кезганда,
Бир ажиб ҳис бор эди менда (Х.Олимжон).*

Самад очик кўнгилли, меҳнатсевар бўлгандан, ҳамма уни ҳурмат

қиларди (Газеттен).

Қазақ тілінде бұл қосымшалар, әдетте, есімшелі сөздермен қосылып келеді: *Ұлжан әл үстінде жатқанда, Майбасар көңілін сұрап отырып, өрескел сөйлепті («Абай жолы»); Үш құланы жеккен жаңа күйме ылдига қарай ағындап жөнелгенде, қасындағы салт аттылары кейіндеп қалды («Абай жолы»); Тақырбұлақ тұсына келгенде, Байтастар балана жеке шабудан тежейді (М.Әуезов); Бала шәкірт ұзап кеткенде, бұлар да еріксіз желе шоқрақтап шауып отырып қуып жетеді (М.Әуезов); Абай күлместен, мысқылдай қарайды (М.Әуезов); Бірақ әкесі мен өзге епкімге қарамастан, келе Абайды құшақтай алды (М.Әуезов).*

б) есімше және кейбір көмекші сөздер арқылы байланысады:

Эргаш туғилған пайиғда, отаси Жуманбубул 50 ёшда эди. Ёшинг улғайған сари, тажрибанг ҳам орта беради.

Қазақ тілінде де құрамаластың компоненттері есімшелі сөздерге кейбір шылау сөздердің тіркесуі нәтижесінде байланысып келеді. Мысалы: - *Бүгін осында маза бермеген соң, әжең екеуміз қуып шыққамыз, - деп әжесіне нұсқады (М.Әуезов); - Сол биыл қыстыгүні жалғыз баласы өлгеннен кейін, келінімен жақын бопты дейді (М.Әуезов); Өзін керек еткен сөз бен шырайды көрмеген соң, енді Абай да Жиренше кеткеннен кейін, біраздан соң ақырын сусып, тысқа шықты (М.Әуезов); Ол жалғыз-ақ, «дарға асу» деген жерде, ішінен бір түрлі тіксініп қалды (М.Әуезов) Үлкен бір есебі: «Анау, жұртты шақар айғырдай мойын салып қуып ықтырған уақытта, ел арыз айта өзіме келеді, өз бауырыма қайырып беріп отырады» деп тошпылаған (М.Әуезов);*

в) септік жалғауларымен келген есімше мен көмекші сөздер арқылы: *Орадан күй вақт үткунга қадар, Темурдан дарак эшитилмади (Ш.Рашидов) Республикамызда бир неча электрстанциялар курилганидан кейин, мамлакатимиз янада обод бўлди (Газеттен)*

Қазақ тілінде де бұл жағдай өзбек тіліндегі құбылыстармен тең келеді. Мысалы: *Құнанбай өзі аға сұлтан болғаннан кейін, осы Тобықтыға болыстық старшын еткен-ді (М.Әуезов); Бүгін осында маза бермеген соң, әжең екеуміз қуып шыққамыз, - деп әжесіне нұсқады (М.Әуезов); - Сол биыл қыстыгүні жалғыз баласы өлгеннен кейін, келінімен жақын бопты дейді (М.Әуезов);*

Жұмыс атаулары мен көмекшілер арқылы байланысады: *Унга савол бериши биланоқ, Арслон терлаб кетди (С.Кудаш). Баҳор келиши билан, сайроқ куш учиб келди (Қушиқ).*

Қазақ тілінде «билан» деп аталатын шылау жоқ. Ол шылау сөз қазақ тілінде көмектес септігі жалғауының қызметін атқарады. Мысалы: *Көлқайнар суы мөлдір, мол бұлақ болғанмен, кең қоныс емес (М.Әуезов); Осы жиынға қараған бетімен, екі жолдасынан озып кеп бұрын түскен Абайдың атын біреу алып кете берді (М.Әуезов); Ол қысылып қызарғанмен, қашып құтыла алатын емес (М.Әуезов);*

Етістіктің шартты рай (-са) формасы арқылы байланысады:

а) -са (-са, -се) арқылы: *Ағар пахта ұз вақтида эжилса, чошилса, суғорилса, сузсиз ҳосил мўл бўлади* (Газеттен).

Ал қазақ тілінде төмендегіше болып келеді: *Қасынан тазы иттер жүгіріп өтсе, балалар шапқылап кетсе немесе қыз-келіншек пен жігіттер әзілдесіп, қатты күлісіп, дабырласып сөйлесіп өтсе де семіз сары ат кермені сүзе жөнеліп, ары-бері бұлаңдап емізіп қояды («Абай жолы»); Үлкендерден қарғаң шал көршілер болмаса, басқаға бөгде адам аз* (М.Әуезов).

ә) -са ҳам (-са да) немесе -са-да (-са да, -се де) арқылы: *Гарчи Умурзоқ ота қари бўлса ҳам, ғайрати ёшлардан қолишмайди* (Ш.Рашидов).

Қазақша мысалдар: *Олар секірсе де, ортқыш ойнап алысса да, сыпайы сұлулықты байкатады («Абай жолы»); Оспанның өзінен туған бала болмаса да, бұның кенже інісі есебінде, Құнанбайдың қолында өскен Ақылбайдың екі баласын Оспан асырап алған еді («Абай жолы»);*

б) -са әди (-са еді, -се еді, -са екен, -се екен) арқылы: *Октябрь революцияси ғалаба қозонмаса әди, биз бундай фаровон ҳаёт кечира олмас әдик* (Газеттен).

Қазіргі қазақ тілінде бұл қалыптағы мысалдар онша кездесе бермейді. Тек қана сөйлеу тілінде аздап ұшырайды.

Дөб (деп) арқылы байланысады. Бұл көмекші төл сөз және автордың сөзін бір-біріне байланыстыру үшін қызмет етеді. Сонымен бірге, мақсат, себеп-салдарлы бағыныңқы сөйлем мен басыңқы сөйлемдерді байланыстыру үшін қызмет етеді. Мысалы: *Бир эшитдимки, қочибди дөб; бир эшитдимки, құлга тушибди дөб* (А.Қахқор) *Бу нарса сизга кераксиздир дөб, бошқа кишига берган әди.*

Ал қазақ тілінде төмендегіше байланысып келеді: *Бүгін Пәкизат “Әбіш ағамның алдынан шығамын” деп, қасына бір топ өзінен үлкен қыздарды ергіш алған* (М.Әуезов); *Әдейі танытпайын деп, бет-аузын таңыш алыпты* (М.Әуезов); *Енді не де болса жаңды қармаймын деп, тақымдағы шоқпарына жабысты* (М.Әуезов).

Түркі тілдерінде құрмалас сөйлемдердің басыңқы және бағыныңқы сыңарлары, жоғарыда талдап өткеніміздей, бірімен бірі жалғаулықты да, жалғаулықсыз да, көсемше, есімше, шартты рай, шылау сөздері және басқа да көмекші сөздердің белгілі бір сөз таптарымен тіркесіп келуі арқылы да байланысып келе береді. Егер де салыстырып қарайтын болсақ, жай сөйлемдердің жалғаулықсыз байланысуынан гөрі жалғаулықты байланысуы тілімізде актив қолданылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Алматы.1982.
2. Бектұров Ш. Қазақ тілі. Алматы. 2006
3. Асқарова М. Ҳозирги ўзбек тилида эргашип формалари// Тилшунослик масалалари. Илмий асарлар. – Тошкент, 1963. Т.42. 1-китоб.

4. Ҳозирги ўзбек адабий тили / Сайфуллаева Р., Менглиев Б., Боқиева Г., Қурбонова М., Юнусова З., Абузалова М. – Тошкент, 2007; Раупова Л. Ўзбек тилида номустақил кесим масаласи ва [WRm-WPm] қурилишли гаплар: Филол.фан.ном...дис. автореф. – Тошкент, 1999.

REZUME

D.T.AITBAYEV (Andizhan)

THE RELATIONSHIP COMPONENT COMPOUND SENTENCE IN THE UZBEK-KAZAKH LANGUAGES

The article examines the relationship of components examples of compound sentence in the Uzbek-Kazakh languages.